

әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасы
Педагогика және психология мамандығы

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ –
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ САУАЛНАМА
ӘДІСТЕМЕСІ (Е.А.КЛИМОВ)**
11 «А» СЫНЫП

Дайындағандар: Бексары Г, Сатан Ұ, Әбдіжәділ Е, Дүйсенбай А, Әуелбек А, Әшір А.

Қабылдаған: Төлешова Ұ.Б.



АЛУАН-АЛУАН КӘСІП БАР, ТАҢДАЙ БІЛ ДЕ, ТАЛАП ҚЫЛ!

Өмірге жаңа араласқан жас өспірімнің алдында бірнеше мыңдаған түрлі кәсіптің, біреуін таңдау міндеті туады. Әрбір жас адам бір ғана емес, көптеген кәсіпке қабілетті болады, бірақ барлық кәсіпке бірдей қабілетті болмайды және қабілеттері әр түрлі дәрежеде болады. Сондықтан балаларды қабілеттеріне, қызығушылықтарына, талап-тілектеріне қарай мамандыққа бағыттау, бейімдеудің міндеті олардың болашақ өмір жолын таңдауына, оның жеке басының қабілетіне сәйкес келетін мамандық таңдауына ғылыми негізделген көмек беруде болып табылады.

Мамандық таңдау – бұл белгілі білімдер жүйесі мен өзіндік қасиеттерді игеру жолы. Қазіргі мәдениетте мамандық таңдау оқу орнын таңдаумен тең келеді

Мамандық таңдау кездейсоқ факторға тәуелді стихиялы процесс болмауы керек.

процесс болмауы керек:

Саналы түрде мамандық таңдау өте күрделі іс-әрекеттің түрі және ұзаққа созылатын процесс болып табылады. Әйтсе де, бүгінде білім алушылардың мамандыққа деген ынтасының классификациясы төмендегідей:

Мамандықтың қоғамдық-мемлекеттік маңыздылығы.

Мамандықтың танымдық маңыздылығы.

Таңдалған жұмысқа қызығушылық

Осы саладағы мамандыққа дайындық.

Мектептегі жетістіктің осы таңдалған мамандыққа байланыстылығы.

Мамандыққа деген қабілеттілік

Мамандықтың тәрбиелік маңызы.

Материалдық қызығушылық.

Оқуға түсу, жұмысқа тұру жеңілдіктері.

Туған туысқандарының, мұғалімнің, досының, отбасының ақылы мен үлгілері.

Ғалым-зерттеуші Е.А.Климов кәсіпті (мамандықты) таңдауға ықпал ететін 8 негізгі факторларды атап көрсетеді:

1. Ересектер, отбасы көзқарасы;

2. Құрбылардың көзқарастары;

**3. Мектептегі педагогикалық ұжым
көзқарастары;**

4. Жеке кәсіби және өмірлік жоспарлар;

5. Қабілеттіліктер мен олардың көрінісі;

6. Қоғамдық мойындауға талаптану;

7. Кәсіби әрекет туралы мағлұматтану;

8. Бейімділік

Психологтар мамандықты таңдаудағы негізгі факторларға төмендегілерді жатқызады:

Субъективті факторлар:

қызығушылықтар (танымдық, кәсіби, мамандыққа қызығушылық, бейімділік); қабілеттіліктер (белгілі іс-әрекетте жетістікке жетуге қажет психологиялық механизмдер); темперамент; мінез.




Объективті факторлар:

даярлық деңгейі (үлгерімі); денсаулық жағдайы, мамандық әлемі туралы ақпарат алу. Сондай-ақ, әлеуметтік ортаның, үй-тұрмыс жағдайының және ата-анасының білім деңгейінің де орны ерекше.



Формула выбора профессии:



Мамандық таңдаудағы негізгі мотивтер:

Мамандық таңдаудың ең кең таралған мотиві таңдалған мамандықтың мазмұны мен мән-мағынасына қызығушылық болып табылады.


Екінші орындағы мотив осы еңбектің қоғамдағы маңызы.

Үшінші орындағы мотив ол мамандыққа материалдық қызығушылық.

Төртінші орындағы мотивке мамандықтың құрметтілігі, романтикалылығы, беделі, демек статусы жатады.

Одан кейінгі мотивке адамның шешіміне сәйкес келетін мамандықтың перспективалылығы, оның қоғамдық беделін көрсететін мотивтер

Профессор И.Кон мамандық таңдауды 4 сатыға бөледі:



1

- ***Бірінші саты*** - балалар ойыны, ойын арқылы бала әртүрлі мамандықты көрсетеді;
- ***Екінші саты*** - өтпелі кезеңдегі, қиял үстінде бала өзінің кереметтей бір мамандыққа ие болғанын білдіреді;
- ***Үшінші саты*** - бүкіл жеткіншек шақты қамтамасыз етеді. Осы сатыда әртүрлі іс-әрекет жіктеледі де бағаланады.
- ***Төртінші сатыда*** - кәсіби мамандық таңдалады. Бұл саты екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлімде білім анықталады, ал содан кейін нақты мамандық таңдалады.

4

Мамандығын әлде де толық таңдай алмаған балаға мамандар, яки мұғалімдер, ата-анасы, үлкендер тарапынан көмек қажет. Ол көмек – «кәсіптік бағдар беру» деп аталады.

Кәсіптік бағдар дегеніміз


әрбір адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылығын және қабілетін анықтауға бағытталған белгілі бір жүйе шаралар, саналы мамандық таңдауға көмек көрсетуге оның жеке мүмкіндігіне қарай әрбір адамға арналған жүйе болып табылады.

Кәсіптік бағдар -

оқушылардың жеке бейімділігін, қабілеттерін және қоғамдық қажеттіліктерді есепке ала отырып, дер кезінде белгілі бір еңбектік іс-әрекеттің түрімен, техника және өнер жетістіктерімен таныстыруға, белгілі бір кәсіп түріне оқушыларды бейімдеуге бағытталған мектептігі оқыту мен тәрбиелеудің құрамдас бөлігі.

Кәсіпке бағдарлау – бұл әрбір жеке тұлғаның индивидуалды ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, экономикалық аудандарға, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі. Бұл жүйенің негізгі объектісі бастауыш сыныптан жоғарғы сыныпқа дейінгі оқушылардың тұлғасы.

Кәсіби бағыт беру принциптері:
жүйелілік; кәсіби бағыттың өмірмен байланысы; мектеп пен отбасының байланыста болуы; топтық, индивидуалды формадағы жұмыстың байланысуы; оқушыларға дифференциалды тұрғыдан қарау.



Бүгінде білім ордаларында мынадай кәсіптік бағдар берудің бағыттары кеңінен қолданылады



• Кәсіби ағарту

- Кәсіби тәрбиелеу
- Қызығушылықтары мен бейімділіктерін дамыту
- **Кәсіби** диагностика беру
- Әлеуметтік-кәсіби адаптация

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА КӨМЕКТЕСУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ



Әлеуметтік педагогтың қызметі оқушының мамандық таңдауына көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік педагогикалық қызмет құралына : қызметтің мақсатына жететін барлық іс-әрекеттер, әдіс түрлері және технологиялар жатады.



Оқушының мамандығын таңдауға көмектесетін мамандар әртүрлі әдістерді қолдана алады:

Педагогикалық әдістер - сөз арқылы, көрнекіліктер арқылы, тәжірибелік, тұлғаның санасын қалыптастыратын әдістер (әңгімелесу, лекциялар, пікір талас, үлгі әдісі); мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын әдістер (байқаулар, жарыстар, мадақтау, жазалау);



Әлеуметтік-психологиялық әдістер – зерттеу әдістері (ақпарат жинау әдісі, анықтау әдісі, өңдеу әдісі); әсер ету әдістері (түзету және басқару, мотивациялау, үйрету, дамыту, құрастыру және шығармашылық әдістері);

Әлеуметтік педагогтың *дәнекерлік қызметіне:*

оқушы, мұғалім, ата-ана қызметінің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары,

бала мен ата-анасының мамандық таңдаудағы мақсаттарын бір-бірімен салыстырып көру,

оқушының таңдаған мамандығының іске асыруда үйлестірушілік жұмысын жүргізу;

болашақ мамандықты таңдауға байланысты ақпараттармен оқушылар мен ата-аналарды қамтамасыз ету кіреді.

Бұл жұмыс педагогикалық кеңес, психологиялық-педагогикалық консилиум, ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу арқылы жүзеге асады.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР:



Алғашқылардың бірі ретінде оқушылардың мамандық таңдау себептерін арнайы зерттеген Петербург университетінің профессоры **Н.И.Кареев** болды. Оның жұмыстарында жастардың мамандық таңдаудағы түсініктері төмен, және олар болашақ мамандықтың айналасындағы адамдардың ақылымен таңдайды деп көрсетілген.



Мамандық таңдау себептерін тереңнен зерттеген **Н.А.Рыбников** болды, ол себептерді дифференциалды қарастырды, яғни жасына, жынысына, тұрмыс жағдайына, ата-анасының мамандығына т.б. байланысты.



И.В.Дубровина болса жасөспірім кезеңдегі негізгі психологиялық өзгеріс өзін-өзі анықтау емес, сол өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындық деп есептейді. Мұндағы өзін-өзі анықтауға психологиялық дайындық дегеніміз:

- Сана сезімінің жоғарғы дәрежеде қалыптасуы;
- Тұлғалық қажеттіліктің дамуы;
- Жоғарғы сынып оқушыларының әрқайсысының өзіндік қызығушылығымен қол жетерлік табыстары.

С.П.Крягже алғашқы этапта мамандықталған өзін-өзі анықтау екі түрге бөлінеді деп көрсетеді, яғни белгілі мамандық таңдау немесе мамандырылған мектеп таңдау.



С.Л.Рубинштейн бойынша өзіндік анықталу сыртқы себептің ішкі әсерге байланысты болып табылады. Сыртқы себептелу “сыртқы детерминация” әлеуметтік шарт, жеке тұлғаның әлеуметтік детерминациясын анықтайды. Бұл жағдайда жеке анықтама жеке детерминация болып табылады.



Сондай-ақ, *Л.И.Божович* жұмыстары да өзін-өзі анықтауға психологиялық анықтама береді. Біріншіден, өзін-өзі анықтау қажеттілігі онтогенез өзегінде яғни жасөспірім кезеңі мен жастық шақ кезеңінде пайда болады. Екіншіден, өзін-өзі анықтау қажеттілігі тұлғаның өзі және айналасы туралы үсінігін жүйелеу ретінде қарастырылады. Үшіншіден, өзін-өзі анықтау болашақта мамандық таңдауға байланысты. Осылайша, Л.И.Божович өзін-өзі анықтауда екі жақтылықты көрсетеді, бір жағынан ол мамандық таңдауда, болашағын жоспарлауда қажет болса, екінші жағынан өзінің өмір сүру мағынасын іздеу болып табылады.

ДДС әдістемесін

Е.А. Климов 1984 жылы мамандықтың 5 типін ажыратуға байланысты ойлап тапты. Бұл әдістеме жасөпірімдер мен ересекетерге арналған.

Сауалнаманың құрылымына келетін болсақ сауалнама 20 жұп сұрақтан тұратын бланк және жауап парағынан тұрады. Зерттелуші берілген қызмет түрлерінің 20 жұбынан тек бір ғана түрін таңдау керек және парақтың сәйкес торында «+» белгісін қоюы қажет.

Сауалнамаға берілетін уақыт шектелмейді, егер зерттелуші тағы да уақытты қажет етуін сұраса өз еркінде, негізінен көбіне сауалнама уақыты 20-30 минут аралығын құрайды.





ДДС сауалнама қағазы



Мамандық таңдауды анықтау үшін оқушыларға арналған сауалнама

Фамилиясы Есімі.....
Мектебі..... Сыныбы..... Жасы.....
Толтырылған күні..... Мекен-жайы.....

1. Сіздің сабаққа үлгеріміңіз қалай оқисыз?
 2. Қандай пәндерді ұнатасың?
 3. Қандай пәндерді ұнатпайсың?
 4. Қандай үйірмеге қатысасың? Театр, музыка, спорт, би, сурет салу, кесте тігу, мүсіндеу, биология, жас техник
 5. Осы уақытқа дейін қандай үйірмеге қатысқан едің?
 6. Сыныпта қандай қоғамдық тапсырмаларды орындап жүрсіз? Староста, физрук, т.б
 7. Достарың көп пе? (көп, біреу, бірнеше)
 8. Саған қандай кәсіп ұнайды?
 9. Қандай әдебиет оқуға құштарсыз? (көркем, ғылыми-көпшілік, шытырман оқиға)!
 10. Өз бойыңызда қандай қасиеттерді тәрбиелегіңіз келеді? (мақсаткерлік, еңбексүйгіштік, қажыр, қайрат, адалдық, батылдық)
 11. Сізді мына мамандықтың, білімдердің қайсысы қызықтырады: жаратылыс-ғылыми (математика, физика, химия, биология, медицина, экономика, юриспруденция), гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педагогика, психология), өнер (музыка, театр, бейнелеу, вокал, өнірістегі жұмыс).
 12. Өзіңді қызықтырған қызмет немесе білім саласын меңгеру үшін не істеп жүрсің?
 - ынта- ықыласқа сай оқу пәндерінен мінсіз оқып жүрсіз бе?
 - қосымша әдебиеттер оқисыз ба? (ғылыми-көпшілік, ғылыми-техникалық)
 - қызықтырған пін жөніндегі үйірмеге қатысасың ба? (қандай)
 13. Бос уақытыңызда немен айналысасыз? (сурет салу, техникамен, шеберлік іс, спортпен шұғылдану, музыкалық аспапта ойнау, театрға, музейге, көрмеге, концертке бару, тоқу, киім тігу)
 14. Қоғамдық жұмысқа қалай қатысып жүрсіз? (қатыспайсыз, тұрақта тапсырмаңыз бар), берілген тапсырманы соңына дейін орындайсыз ба?
 15. Экскурсияға бардыңыз ба (қайда, қашан)
 16. Өндіріс озаттарымен кездесулерде болдыңыз ба? (неше рет, қай кездесу бәрінен көп әсер етті)
 17. Сен өзің үшін қандай кәсіпті және одан әрі оқу жолын таңдайсыз?
- Негізгі ой-ниетіңіз.....
Екінші ой-ниетіңіз.....
Қосымша ой-ниетіңіз.....
18. Қалауыңызға ата-анаңыз келісе ме?
 19. Ата-анаңыздың ұсынысы қандай.....

Мамандық таңдауды анықтау үшін оқушыларға арналған сауалнама

Фамилиясы Рахымбергалиев Есімі Бекарго
Мектебі С. Сейфуллин №10 Сыныбы 11² Жасы 16
Толтырылған күні 3.02.14 Мекен-жайы Сапарли ауданы Ақсукеңт

Нұсқау: сіздің ойыңызбен сәйкес келетін жауаптың астын сызып, керек жерінде толықтырып отыру қажет.

1. Сіздің сабақтағы үлгеріміңіз? Үздік, жақсы, орташа, нашар
2. Қандай пәндерді ұнатасыз? география, математика, тарих, ақпарат
3. Қандай пәндерді ұнатпайсыз? орыс тілі, қазақ тілі
4. Қандай үйірмеге қатысасыз? Театр, музыка, спорт, би, сурет салу, кесте тігу, мүсіндеу, биология, жас техник.
5. Осы уақытқа дейін қандай үйірмеге қатысқан едіңіз? сурет салу
6. Сыныпта қандай қоғамдық тапсырмаларды орындап жүрсіз? Староста, тазалық секторы, спорт секторы, т.б
7. Достарыңыз көп пе? Көп, біреу, бірнеше.
8. Сізге қандай кәсіп ұнайды? экономист, финансист
9. Қандай әдебиет оқуға құштарсыз? Көркем, ғылыми-көпшілік, шытырман оқиға.
10. Өз бойыңызда қандай қасиеттерді тәрбиелегіңіз келеді? Максаткерлік, еңбексүйгіштік, қажыр, қайрат, адалдық, батылдық.
11. Сізді мына мамандықтың, білімдердің қайсысы қызықтырады:
 - ~~жаратылыс-ғылыми~~ (математика, физика, химия, биология, медицина, экономика, юриспруденция),
 - гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педагогика, психология),
 - өнер (музыка, театр, бейнелеу, вокал, өнерістегі жұмыс).
12. Өзіңізді қызықтырған кызмет немесе білім саласын меңгеру үшін не істеп жүрсіз?
 - ынта-ықыласқа сай оқу пәндерінен мінсіз оқып жүрсіз бе? иә
 - қосымша әдебиеттер оқисыз ба? Ғылыми-көпшілік, ғылыми-техникалық.
13. Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Сурет салу, техникамен, шеберлік іс, спортпен шұғылданду, музыкалық аспапта ойнау, театрға, музейге, көрмеге, концертке бару, тоқу, киім тігу.
14. Қоғамдық жұмысқа қатысасыз ба? Ия, жоқ.
15. Берілген тапсырманы соңына дейін орындайсыз ба? Ия, жоқ.
16. Экскурсияға бардыңыз ба? (қайда, қашан) иә Маңашат нағда
17. Өндіріс озаттарымен кездесулерде болдыңыз ба? (неше рет, қай кездесу бәрінен көп әсер етті) жоқ
18. Сіз өзіңіз үшін қандай кәсіпті және одан әрі оқу жолын таңдайсыз?
Негізгі ой-ниетіңіз финансист
Екінші ой-ниетіңіз экономист
Қосымша ой-ниетіңіз менеджермент
19. Қалауыңызға ата-анаңыз келісе ме? иә
20. Ата-анаңыздың ұсынысы қандай финансист

Әдістеме бойынша мамандық классификациясы

I. «Адам-табиғат» — еңбек объектісі тірі организмдер, өсімдіктер, жануарлар және биологиялық процестер болып табылады. Осыған кіреді: агроном, зоотехник, мал дәрігері, бағбан және орманшы.

II. «Адам-техника» — еңбек объектісі техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар және установкалар, материалдар және энергия. Жатады: радиомеханик, токарь, темір ұстасы, жүргізуші, инженер т.б.

III. «Адам-адам» — адамдар, топтар, ұжымдар болып табылады. Мамандықтар: қызмет ету сферасы, медицина, педагогика, юриспруденция т.б.

IV. «Адам-белгілер жүйесі» - шартты белгілер, шифрлар, кодтар, кестелер еңбек объектісі болып табылады. Мұндай салада корректорлар, прогаммисттер, статисттер, экономисттер жұмыс істейді.


V. «Адам-көркем бейне» - осы мамандықтардың еңбек объектісі көркемдік бейнелер, олардың рөлдері, элементтері және ерекшеліктері болып табылады. Мамандықтар: зергер, фотограф, музыкант, өнертанушы, суретші, жазушы, әртіс

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСУШЫ


11«А» СЫНЫБЫ


1. Аппазов Жаныс
2. Пермахан Алия
3. Қайбағаров Жеңіс
4. Нурадин Айдана
5. Бегжігіт Ұлмекен
6. Нурмаханбетов Есбол
7. Бекбатырова Айым
8. Қуанышова Мереке
9. Жұмабекова Мадина
10. Кучкарова Назакат
11. Шаназаров Сундет
12. Өмірзақ Айтолқын

13. Бурлибай Сакен
14. Тортай Бейбарыс
15. Молжанов Әділет
16. Жусупбекова Гаухар
17. Райымбердиев Бекарыс
18. Сауырбай Аружан
19. Накыпбек Жандос
20. Абишева Лаура
21. Сабитов Мирас




Оқушылардың қатысу белсенділігі





Адам – табиғат <u>I</u>	Адам – техника <u>II</u>	Адам – адам <u>III</u>	Адам – белгілер жүйесі <u>IV</u>	Адам – көркем бейне <u>V</u>	
Сауырбай А	Бекжігіт Ұ	Накыпбек Ж	Абишева Л	Жусупбекова Г	
Тортай Б	Нұраддин А	Молжанов Ә	Куанышова М	Шаназаров С	
Өмірзақ А	Аппазов Ж	Бурлибай С	Райымбердиев Б	Жұмабекова М	
Першехан Ә		Кучкарова Н		Нұрмаханбетов Е	
		Бекбатырова А			
		Койбагаров Ж Сабитов М			



- Адам - табиғат
- Адам - техника
- Адам - адам
- Адам - белгілер жүйесі
- Адам - көркем бейне

Сыныпта жалпы 21 оқушы бар.

I. «Адам-табиғат» — еңбек объектісі тірі организмдер, өсімдіктер, жануарлар және биологиялық процестер болып табылады. Осыған кіреді: агроном, зоотехник, мал дәрігері, бағбан және орманшы.



- Адам - табиғат
- Адам - техника
- Адам - адам
- Адам - белгілер жүйесі
- Адам - көркем бейне

II. «Адам-техника» — еңбек объектісі техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар және установкалар, материалдар және энергия. Жатады: радиомеханик, токарь, темір ұстасы, жүргізуші, инженер.

III. «Адам - адам» мамандық типіне жататындар : ұстаздар, заң қызметкерлері.

IV. «Адам-белгілер жүйесі». Шартты белгілер, шифрлар, кодтар, кестелер еңбек объектісі болып табылады. Мұндай салада корректорлар, прогаммисттер, статисттер, экономисттер жұмыс істейді.

*Назарларыңызға
рахмет !!!*

